



Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігі

Министерство информации  
и общественного развития  
Республики Казахстан



**Jastar**

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР

# ЖРО ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР ЖИНАҒЫ

**ӘОЖ 37.0**  
**КБЖ 74.0**  
**Ж 33**

**Ж 33** **Каскарбаева Г.С., Бармашева М.Ж., Наурызбаев Н.О.** Жастар ресурстық орталықтарының үздік тәжірибелер жинағы. – Нұр-Сұлтан: «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2021. – 128 бет.

**ISBN 978-601-08-1347-2**

**ӘОЖ 37.0**  
**КБЖ 74.0**

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2021

# МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
Жастарды жұмысқа орналастыруға және кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесу.....	5
Бейресми білім беру арқылы жастардың өмірлік маңызы бар дағдыларын, құзыреттерін және дербестігін дамыту.....	13
Жастардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, инновациялық және кәсіпкерлік қызметін жандандыруға жәрдемдесу.....	21
Жастарға психологиялық көмек көрсету.....	34
Жастарға өтеусіз негізде консультациялық және заң көмегін көрсету.....	38
Жастар ортасында волонтерлік қызметті қолдау және дамыту.....	41
Жас отбасылармен жұмысты қамтамасыз ету және жастарды отбасылық өмірге дайындауға жәрдемдесу.....	50
Жастар ұйымдарын, қозғалыстарын және жастардың өзін-өзі басқару органдарын қолдау және дамытуға жәрдемдесу.....	55
Жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеуді және бағалауды сүйемелдеу.....	62
Қорытынды.....	64

## КІРІСПЕ

«Әр адамды іс-әрекетке, оқуға, тіршілік етуге, қазіргі заманда бірлесіп өмір сүруге дағдыландыру қажет».

**Н. Ә. Назарбаев**

Бүгінде Қазақстан маңызды тарихи межеге – Тәуелсіздігінің 30 жылдығына жақындап келеді. Осы жылдар ішінде ілгерішіл және білімді жастардың жаңа буыны өсті. Жастар жалпы халық санының 20,4% бөлігін құрайтын елде мемлекеттік деңгейде жастардың өзін-өзі көрсетуіне, оның қоғамдық процестерге тезірек қосылуына ықпал ететін барлық жағдайлар жасалған.

Жастар – еліміздің басты капиталы. Ел президенті Қ.К. Тоқаев *«Қазақстан – дарынды жастар елі. Ертең бұл талантты ұлдар мен қыздар еліміздің намысын қорғайтын болады. Біз олардың әлеуетін ашып, қабілеттерін жүзеге асыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек»*, - деді. Мемлекет басшысы ұлттық айтулы күн – Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу әрбір жеке саладағы практикалық және тиімді реформаларға, нақты нәтижелерге негізделуге тиіс екенін айтты. Осы мақсатта «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы Жастар ресурстық орталықтарымен бірлесіп «Жастар ресурстық орталықтарының үздік тәжірибелер жинағы» атты әдістемелік құрал әзірледі.

Мемлекеттік жастар саясаты жүйесінде барлық деңгейдегі әкімдіктер жанынан құрылған Жастар ресурстық орталықтары ерекше орын алатынын атап өткен жөн. Жастар ресурстық орталықтарының негізгі міндеттері: *ақпараттық-әдістемелік, консультациялық сүйемелдеу, жастар бастамаларын қолдау және жастар ортасындағы жағдайға мониторинг пен талдау жүргізу*. Жастар ресурстық орталықтарының тікелей қызметі жастармен тығыз ынтымақтастықта, жастардың бірлескен және жеке жұмысы үшін қолжетімді және ашық кеңістіктер құруда жатыр. Жастардың осал және маргинал топтарына, сондай-ақ жасөспірімдерге ерекше назар аудару керек.

Жастар жұмысы – бұл өмірлік дағдыларға оқыту, жастар бастамаларын қолдау және бейресми әдістерді пайдалана отырып, жастардың қоғам өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету арқылы жастардың әлеуметтік және жеке дамуына бағытталған іс-шаралар кешені. Айта кету керек, «Жастар жұмысы» денсаулық сақтау, білім беру және жастарды жұмысқа орналастыру сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының ажырамас бөлігі.

Қазақстанда жастар бастамаларын қолдау, жастарды бейресми білім беру шеңберінде өмірде маңызды болып табылатын дағдылар мен тәжірибеге оқыту бойынша көптеген бағдарламалар мен жобалар бар. «Жастар ресурстық орталықтарының үздік тәжірибелерінің жинағы» әдістемелік материалында өңірлік және аумақтық жастар ресурстық орталықтарының жобалары қорытындыланып, сипатталған.

Бұл әдістемелік құралдың мақсаты – жастармен жұмыс бойынша қызықты және тиімді бағдарламалар мен жобаларды көрсету. Материал жастармен жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың, білім беру мекемелерінің, жастар ресурстық орталықтарының, жастар ұйымдарының, БАҚ және жастар саясатындағы қызықты бастамалар туралы ақпаратты қажет ететін басқа да ұйымдардың жұмысында пайдаланылуы мүмкін.

# ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ МЕН КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

## «ҮЗДІК ШЕБЕР-2020» ҚАЛАЛЫҚ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ

Солтүстік Қазақстан облысы  
«Қоғамдық даму және ақпарат орталығының  
Жастар бастамалары бөлімі» КММ

**Мақсат:** дарынды жұмыс істейтін жастарды анықтау және қолдау, жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру, кәсіби тәжірибемен алмасу.

**Міндет:**

- жас мамандардың кәсіби өсуі үшін жағдай жасау;
- әртүрлі салаларда одан әрі кәсіби даму үшін дағдыларды игеру;
- жастардың кәсіби қарым-қатынасы, тәжірибе алмасу;
- шеберлікті арттыру және жастардың білімі мен дағдыларының шекарасын кеңейту.

**Қатысушылар:** ұйымдардың, кәсіпорындардың қызметкерлері, 29 жасқа дейінгі өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар.





#### **Іске асыру механизмі:**

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Үздік тас қалаушы» (тас жұмыстары және кірпіш қалау);

«Үздік шаштараз»;

«Үздік флорист»;

«Үздік доңғалақ ауыстырушы»;

«Үздік сылақшы» (құрғақ құрылыс, сылақ жұмыстары).

Конкурс қорытындылары бағыттар бойынша конкурстық тапсырмаларды орындау аяқталғаннан кейін шығарылады. Әр бағыт бойынша үш жүлделі орын бойынша жеңімпаздар анықталады. Әр номинацияның жеңімпаздары дипломдар және ақшалай сертификаттармен марапатталады.

Барлық қатысушылар конкурсқа қатысқаны үшін сертификатпен марапатталады.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- еңбек адамының мәртебесін және жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру;
- кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу тәжірибесін кеңейту;
- кәсіби шеберлік дағдыларын көрсеткеннен кейін конкурсқа қатысушылардың кәсіпорындарға немесе қала ұйымдарына жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.

## «КӨҢІЛДІ ЖАСТАР» ЖОБАСЫ

*Шығыс Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ*

**Мақсат:** жастардың оқу және еңбек көші-қонын, түлектердің шетелдік жоғары оқу орындарына оқуға кетуін азайту.

**Міндет:**

- жұмысшы мамандықтарды дәріптеу;
- шығармашылық белсенділікті дамыту;
- жұмысшы жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

**Қатысушылар:** колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері мен түлектері.





**Іске асыру механизмі:**

Іс-шара 3 кезеңнен тұрады:

- колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне арналған кәсіптік бағдарлау алаңдары;
- шығармашылық байқау;
- үздік жастар ұйымы атағына конкурс.

Сонымен қатар, бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі, онда колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері аймақтың кәсіпорындары мен бос жұмыс орындары туралы ақпарат алады. Кәсіптік бағдарлау алаңдарында қатысушылардың кәсіпорын қызметімен танысып қана қоймай, түйіндемесін қалдырып, болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар. Тұсаукесерді облыстың ірі кәсіпорындарындағы тағылымдама бағдарламалары мен жұмыс артықшылықтары туралы ақпарат беретін компаниялардың қызметкерлері тікелей жүргізеді.

Жобаның серіктестері: «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ, «Үлбі металлургия зауыты» АҚ, «Kaz Minerals Востокцветмет» ЖШС, «Өскемен ЖЭО» ЖШС, «ШҚ АЭК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ және т.б.

**Күтілетін нәтиже:**

- жастардың жұмысшы мамандықтарына қызығушылығын арттыру, соның салдарынан жұмысқа орналастыру пайызын көтеру және еңбек көші-қонын төмендету.



# WORLD SKILLS ФОРМАТЫ БОЙЫНША ЖАСТАР АРАСЫНДА ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУГЕ АРНАЛҒАН «JASTAR SKILLS» ШАҒЫН ЧЕМПИОНАТЫ

Алматы қаласы  
«Жастар саясатын дамытудың  
мемлекеттік қоры» КММ

**Мақсат:** жұмысшы мамандықтарды (кәсіптерді) танымал ету және жастар арасында жұмысшы мамандықтарға назар аудару.

**Міндет:**

- кәсіби стандарттарды дамыту үшін жағдай жасау;
- еңбек адамының мәртебесін және техникалық мамандықтардың беделін арттыру.

**Қатысушылар:** 14-27 жас аралығындағы жастар, колледждердің жұмыс өтілі 5 жылдан аз студенттері мен түлектері.

**Іске асыру механизмі:**

Жұмысшы мамандықтарды дәріптеу мақсатында Алматы қ. жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры Алматы қ. Қоғамдық даму басқармасы мен Алматы қ. Білім басқармасының қолдауымен жыл сайын Jastar Skills шағын чемпионатын өткізеді. Жоба жастарға мамандық таңдауға және болашақта өз отбасыларын қолдауға көмектесуге бағытталған. Бұл жоба – жас мамандардың кәсіби дағдылары мен құзыреттерін көрсетудің тамаша тәсілі.

**1-кезең.** gosfondmedia@mail.ru жұмыс поштасына өтініш пен бірнеше жұмыстармен портфолио жіберу керек

**2-кезең.** әр құзыреттілік үшін таңдалған жерлерде жүзеге асырылады. Жұмыс орнының ұйымдастырылуы, жабдықты басқару дағдылары және сапаның, сыртқы түрдің, берудің сәйкестігі бағаланады.

Шағын чемпионатта қазылар алқасының мүшелері ретінде WorldSkills халықаралық сарапшылары қатысады, олар қатысушыларды барлық стандарттар бойынша бағалайды.

Нәтижелері бойынша жеңімпаздар анықталып, бағалы сыйлықтармен, грамоталар және сертификаттармен марапатталады.

2021 жылы 5 құзыреттілік таңдалды: токарлық іс, дәнекерлеу ісі; аспаз ісі; шаштараз өнері және сәндік косметика; флористика.

**Күтілетін нәтиже:**

Әр мамандық бойынша шағын чемпионаттардың жеңімпаздары осы мамандықтардың сарапшыларымен танысады және олармен жұмысты жалғастырады. Көбінесе балаларды WorldSkills халықаралық чемпионатына жібереді немесе ресми түрде жұмысқа қабылдайды.





## ЕРЕКШЕ ҚАЗЕТТІЛІКТЕРІ БАР АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН «ЖЫЛЫ ЖҮРЕКТЕН» ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРХАНАСЫ

Алматы облысы  
Қарасай ауданының  
Жастар ресурстық орталығы

**Мақсат:** ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыру.

**Міндет:**

- қоғам өміріне тарту;
- жеке бизнес ашуға қолдау көрсету.

**Қатысушылар:** ерекше қажеттіліктері бар адамдар, мүгедек балалар, жетімдер, жартылай жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.

**Іске асыру механизмі:**

Ауданда ерекше қажеттіліктері бар барлығы 1000-ға жуық жастар бар. Бұл бастама осы адамдарды қолдауға және жұмысқа орналастыруға бағытталған. Осы жобаның арқасында мүмкіндігі шектеулі жастар қолданбалы өнер курстарын тегін оқып, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады.

**Күтілетін нәтиже:**

- өзін-өзі тану үшін өмірлік дағдыларды үйрету;
- жастардың осы санатын әлеуметтендіру.



## ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІН КӘСІБИ БАҒДАРЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ» ЖОБАСЫ

*Шымкент қаласы Ішкі саясат және  
жастар ісі басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ*

**Мақсат:** NEET санатындағы жастардың үлесін азайту, жоба жалпы білім беру мекемелерінің оқушыларында мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған.

**Міндет:**

- олардың профиліне сәйкес мамандық таңдауға жәрдемдесу, кәсіптік бағдарлау;
- мамандық әлемінен ақпарат алу, қазіргі тапшы мамандықтарға бағдарлау;
- өз пікірін еркін айта білу;
- өзгенің пікірін сыйлай білу, жүйелі ойлауға дағдыландыру, оқушыларды үздіксіз еңбекте еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Қатысушылар:** NEET санатындағы мектеп түлектері, жастар.

**Іске асыру механизмі:**

Жас кәсіпкерлер жұмысқа қызығушылығы бар, кәсіпкерлік негіздерін меңгерген және тіркеуден өтпеген жастарды оқытады. Олардың кәсіпорындарының негізінде құжаттарды рәсімдеу, жобаларды жазу, бухгалтерлік құқықтық құжаттармен басқару бойынша оқыту ұйымдастырылады. Жоба тәжірибе алмасуға, кәсіпорындарда практикалық сабақтарды оқуға ықпал етеді.

**Күтілетін нәтиже:**

Нәтижесінде оқу орындарының студенттері болашақ мамандықтары туралы неғұрлым толық түсінік алады және нақты еңбек нарығымен танысады.



# БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРЛІК МАҢЫЗЫ БАР ДАҒДЫЛАРЫН, ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ЖӘНЕ ДЕРБЕСТІГІН ДАМУ

## «NUR-SULTAN DEBATE CUP» ӨҢІРЛІК ДЕБАТТАР ТУРНИРИ



Нұр-Сұлтан қаласы «Астана жастары»  
жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** «пікірсайыс» білім технологиясын қолдана отырып, қатысушылардың жеке әлеуетін дамыту және ашу, бастаушы «пікір таластырушының» өмірде қажетті қасиеттері мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

### Міндет:

- жастарда өз бетінше ойлауды дамыту (өз көзқарасын, көзқарастары мен принциптерін өз бетінше тұжырымдау және қорғау);
- вербалды емес сендіру тәсілдерін дамыту (сөйлеу мәнерін бақылау, мимика мен қимылды түзету);
- шешендік өнер мен риториканы оқыту;
- әртүрлі салалардағы біліммен байыту арқылы кең ой-өрісті қалыптастыру;
- талдау қабілетін дамыту (мәлімдемелердің, нанымдардың және әрекеттердің салдарын барабар бағалау).

**Қатысушылар:** Нұр-Сұлтан қаласының жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының студенттері.





**Іске асыру механизмі:**

Бірінші кезеңде жобаға қатысушыларды іріктеу жүргізіледі. Екінші кезеңде оқыту жүргізіледі. Үшінші кезең пікірсайыс турнирін өткізуді қамтиды. Келесі кезеңде жеңімпаздарды анықтау және марапаттау жүргізіледі.

**Күтілетін нәтиже:**

«Пікірсайыс» білім технологиясы арқылы жастардың жеке өсуі пікір таластырушыға тән бірқатар қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

## «БІЛІМДІЛЕР ДОДАСЫ» ЖОБАСЫ

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі  
Жастар саясаты мәселелері басқармасының  
«Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** жастардың зияткерлік қабілеттерін дамыту, табысты адамдармен бірге оқуға ынталандыру, жалпы эрудицияны дамыту.

**Міндет:**

- жастар арасында зияткерлік ойындарды танымал ету;
- танымдық қызығушылықтарын дамыту;
- қарсыласты құрметтеуге тәрбиелеу;
- командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

**Қатысушылар:** облыс жастары.





**Іске асыру механизмі:**

Қатысушылар 10 командаға бөлінеді. Әр ойын барысында ұйымдастырушылар дайындаған 13 сұрақ айтылады (әр түрлі қызмет салаларынан 11 сұрақ, «қара жәшік» – 1 сұрақ, блиц-сауалнама – 1 сұрақ).

Ойын ұйымдастырушылар мен ойыншылар тобы арасында өтеді. 3 ойынның әрқайсысында ең аз ұпаймен 2 команда шығады. 6 ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

Батыс Қазақстан облысында жоба Ақжайық телеарнасында көрсетіледі деп жоспарлануда.

**Күтілетін нәтиже:**

Жобаға өңірдің белгілі қайраткерлерін тарту арқылы жастардың зияткерлік ойындарға деген қызығушылығын арттыру. Топтық жұмыс дағдыларын нығайту және қалыптастыру.



## «ПІКІРСАЙЫС – ДОСТЫҚ МЕКЕНІ» ОБЛЫСТЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИ

Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** жастар саясатын жүзеге асыру, жастардың бірлігі мен тұтастығын нығайту бойынша түрлі идеяларды талқылау.

**Міндет:**

- ақпаратты талдау және жалпылауға байланысты дағдыларды қалыптастыру;
- талқылауға және көпшілік алдында сөз сөйлеуге қатысу;
- шешендік өнер мен риториканы оқыту;
- түрлі салалардағы, соның ішінде жастар саясаты саласындағы біліммен байыту арқылы кең өрісті қалыптастыру.

**Қатысушылар:** студенттер мен жас пікірсайысшылар.





**Іске асыру механизмі:**

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ қолдауымен «Jas Otan» ЖҚ Түркістан облыстық филиалы «Пікірсайыс – достық мекені» облыстық пікірсайыс турнирін ұйымдастырды. Турнир «ONTUSTIK» телеарнасының эфирінде көрсетіледі. Турнир барысында жастар саясатын жүзеге асыру бойынша түрлі идеялар талқыланды.

Түркістан облысы әкімінің кубогы үшін «Түркістан – көшбасшылар алаңы» республикалық пікірсайыс турнирі ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналды. Турнир жастардың бірлігі мен бірлігін нығайтуға бағытталды. Екі күнге созылған Турнирге республиканың 19 жоғары оқу орнынан 64 фракция мен орта арнаулы оқу орындарының студенттері қатысты. Бұл іс-шара жыл сайын тұрақты негізде өткізілетін болады.

**Күтілетін нәтиже:**

- «Пікірсайыс» білім технологиясы арқылы пікір таластырушыға тән бірқатар қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыру арқылы жастардың жеке өсуін арттыру.

Сонымен қатар, жастардың өзіндік ойлау, талдау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

## «СЫР ДАРЫНЫ» ЖОБАСЫ

Қызылорда облысы Ішкі саясат басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту

**Міндет:**

- дәстүрлі өнер саласындағы жас таланттарды анықтау және қолдау;
- талантты жастардың шығармашылығын насихаттау және қолдау арқылы өнер мектептерінің мәртебесін арттыру;
- облыс жастарының шығармашылық қабілеттерін арттыру.

**Қатысушылар:** облыстың шығармашыл жастары.



**Іске асыру механизмі:**

Қызылорда қаласында және барлық аудандарда облыстық кезең мен конкурстың іріктеу кезеңдерін 4 бағыт бойынша өткізу: жазбаша поэзия өнері, айтыс, жыр терме, дәстүрлі ән айту.

**Күтілетін нәтиже:**

Бұл жоба дәстүрлі өнер саласындағы жаңа өкілдерді анықтауға және қолдауға, талантты жастардың шығармашылығын насихаттауға және қолдауға ықпал етеді.

## «ШЫМКЕНТ ЖАСТАР ЛИГАСЫ» ЖОБАСЫ

*Шымкент қаласы Ішкі саясат және жастар ісі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ*

**Мақсат:** мектеп жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

**Міндет:**

- салауатты өмір салтын насихаттау;
- спортпен айналысу арқылы оқушылардың еркі мен табандылығын қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының чемпионаттарына командаларды қалыптастыру.

**Қатысушылар:**

Оқушылар лигасына қатысуға 140 білім беру ұйымынан 536 командадан өтінім келіп түсті. Ойындарды үйлестіру үшін 420 дене шынықтыру маманы, тікелей 8 569 оқушы қатысты.

**Іске асыру механизмі:**

Спорттық («Футбол», «Волейбол», «Баскетбол») және зияткерлік («Шахмат») ойындардағы жарыстар. Командалар ойындары туралы ақпарат бар жаңалықтар күн сайын @shymkent\_master\_league әлеуметтік желісінде жарияланып отырды.

**Күтілетін нәтиже:**

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және салауатты өмір салтын насихаттау. Бұқаралық спортты дамыту.



# ЖАСТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІН ЖАНДАНДЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

## «АКМОЛА POWER» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ

Ақмола облысы Ішкі саясат басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** жастардың шығармашылық, білім беру және әлеуметтік бастамаларын дамыту және қолдау.

### Міндет:

- жастардың жобалау-зерттеу және ғылыми жұмысқа қатысуын ынталандыру;
- мемлекеттің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік саясаттың басымдықтарын іске асыру мақсатында экономиканың түрлі салаларында инновациялық технологияларды әзірлеу және енгізу.

**Қатысушылар:** техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері, жоғары оқу орындарының студенттері, жастар қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, жас оқытушылар, жас ғалымдар мен 14-29 жас аралығындағы кәсіпкерлер. Құрамында 5 адамнан аспайтын идея авторлары тобының қатысуына рұқсат етіледі.

### Іске асыру механизмі:

Жыл сайынғы «Акмола Power» инновациялық идеялар мен жобалар байқауы бірнеше кезеңнен тұрады:

- 1-кезең** – конкурс материалдарын қабылдау және жүйелеу (қатысушылар жоба идеясын ашатын 3 минуттан аспайтын өтінім мен бейнеролик жібереді);
- 2-кезең** – үздік жобаларды іріктеу (15 жобадан артық емес);
- 3-кезең** – өткен жобалардың тұсаукесері;
- 4-кезең** – жеңімпаздарды марапаттау.

### Жобалар келесі бағыттар бойынша ұсынылады:

1. Энергетика саласындағы инновациялар (энергияның баламалы көздері, энергия тиімділігі және т.б.);
  2. Ақпараттық технологиялар саласындағы инновациялар;
  3. Ауыл шаруашылығы саласындағы бастамалар;
  4. Экология және табиғатты пайдалану саласындағы бастамалар.
- Жеңімпаздар стартапты одан әрі іске асыру үшін 350 мың теңге, 250 мың теңге, 150 мың теңге сомасындағы ақшалай сертификаттармен марапатталады.

### Күтілетін нәтиже:

Жобалау-зерттеу және ғылыми қызметке тартылған жастар санын ұлғайту, жастар бастамалары мен жобаларының санын ұлғайту.



## МЕЙКАТОН: «ТОМ: NUR-SULTAN»



*Нұр-Сұлтан қаласы «Астана жастары»  
жастар ресурстық орталығы» КММ*

ТОМ: Tikkun Olam Makers «әлемді өзгерту» дегенді білдіреді, бұл бүкіл жер шарын біртіндеп қамтитын жаһандық қозғалыс. 2014 жылдан бастап ТОМдар АҚШ, Аргентина, Ұлыбритания, Израиль, Бразилия, Канада, Аустралия және Вьетнамда өткізіліп келеді. Қазақстан аумағында мейкатондар Павлодар, Қарағанды, Алматы, Ақтау, Шымкент және Нұр-Сұлтан қалаларында сәтті іске асырылды.

**Мақсат:** мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қарым-қатынасты өзгерту және мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірін жеңілдету үшін технологиялық шешімдерді әзірлеуге қоғамды тарту.

### **Міндет:**

– мүгедек адамдарды қоғамға бейімдеуге және олардың толыққанды өмір сүруін ұйымдастыруға бағытталған, пайдалануға ыңғайлы, дайындау оңай және бағасы бойынша қолжетімді прототиптер жасау;

- қазіргі кезде шешімі жоқ ДМША (денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдар) жеке тұрмыстық проблемаларының шешімін табу немесе оңалтудың техникалық құралдары тым қымбат;
- мүмкіндігі шектеулі адамдардың нақты тұрмыстық мәселелерін жинау және зерделеу;
- мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірі мен өмір сапасын жеңілдету;
- перспективалық идеялар мен бастамаларды дамыту, әлеуметтік бағдарланған технологияларды дамыту;
- инновациялық және ғылыми-зерттеу сегменті саласында жастардың ынтымақтастығын дамыту.

### **Жобаға қатысушылар:**

Оқу орындарының студенттері, жоғары сынып оқушылары және жас мамандар (мейкерлер), мүмкіндігі шектеулі адамдар (нидноуэрлер), еріктілер.

Мейкатон – бұл бір жағынан креативті және талантты жастар – мейкерлерді (makers), екінші жағынан мүмкіндіктері шектеулі адамдарды және олардың жақын орталарын – нидноуэрларды (need-knowers) әлеуметтік-тұрмыстық қиындықтарды еңсеруге көмектесетін технологиялық шешімдер жасау үшін біріктіретін халықаралық әлеуметтік жоба.

### **Іске асыру механизмі:**

1) Өтінімдерді қабылдаудың басталуы, анонстау, барлық оқу орындары бойынша ақпараттық шақыру-хат тарату. Хатта мейкатонның барлық кезеңдері, қатысу шарттары және мейкерлерді тарту мақсатында өткізу күндері туралы ақпарат қамтылған. Өтінімдерді қабылдау мерзімі – 1 ай;

2) Ideathon: бұл кезеңде университеттер мейкатон жобасымен жобаның презентациясы арқылы танысады, содан кейін әр университет бір күндік IDEATHON-ға қатысу үшін команда құрады;

3) ПреТОМ: мейкерлерді нидноуэрлармен таныстыруға бағытталған іс-шара, олар үшін «гаджеттер» әзірленетін болады. Бұл кезеңде мәселені түсіну және идеяның алғашқы эскиздерін дайындау және жобалау жүреді. Әрі қарай, командалар келесі кезең басталғанға дейін бір ай бойы өз жобаларында жұмыс істейді. Командалар Zoom, Whatsapp және жеке кездесулер арқылы байланысады;

4) ТОМ: 72 сағаттық марафон, оның аясында мейкерлер нидноуэрлармен бірге мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоғамға бейімдеуге және олардың толыққанды өмірін ұйымдастыруға бағытталған прототиптер жасайды.







#### Күтілетін нәтиже:

**1. Мейкерлер** (өнертапқыштар): әлеуметтік мәселелерді шешу тәжірибесін алу, өнертапқыштар (жастар) мен мүдделі тұлғалар арасында өзара тиімді уағдаластықтар жасасу, бұл жастарға түпкі өнертабыстарға дейін прототиптерді пысықтауды жалғастыруға мүмкіндік береді, инновациялық және ғылыми-зерттеу сегменті саласында жастардың ынтымақтастығын дамыту;

**2. ДМША:** өздерінің тұрмыстық өмірін жақсарту алатын нақты мұқтаждықтарына сүйене отырып, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың жеке қажеттіліктеріне әзірленген өнертабыстар - прототиптерді алу; белсенді өмірлік ұстанымы бар мүмкіндіктері шектеулі адамдардың прогрессивті қоғамдастығын қалыптастыру.

## «KYZYLORDA BUSINESS HUB» ОБЛЫСТЫҚ СТАРТАП ЖОБАСЫ



Қызылорда облысы  
Ішкі саясат басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** жастар кәсіпкерлігін дамыту.

**Міндет:**

- әлеуметтік маңызы бар бизнес-бастамаларды қолдау;
- өңірдің әлеуметтік-экономикалық өміріне озық білім мен технологияларды енгізу;
- жастар жұмыссыздығы деңгейін төмендету.

**Қатысушылар:** 16 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.





**Іске асыру механизмі:** жоба 4 кезеңнен тұрады:

**1-кезең** – Өңірлік үйлестірушілерді даярлау;

**2-кезең** – StartUp Weekend. Іріктеу кезеңдері: осы кезеңде кәсіпкерлікке қызығушылық танытқан жастар арасында бизнес-мәдениетті қалыптастыру бойынша онлайн форматта тренингтер өткізіледі (Youtube, Zoom, Instagram). Бұл кезеңнің ерекшелігі-қатысушы хобби немесе кәсіби біліктілікті кәсіпкерлікке айналдыру мүмкіндігімен танысады. Бұл кезеңде жобаларды қорғау және іріктеу жүргізіледі. Қызылорда облысында ұсынылған 157 стартаптан 91 жоба іріктелді;

**3-кезең** – «Kbh School» - оқыту. Жобаға қатысушылар кәсіпкердің психологиясын, маркетинг негіздерін, дизайн-ойлауды, SMM зерттейді, бизнес-жоспарлар жасайды. Сондай-ақ, өңірдің кәсіпкерлік субъектілеріне барып, жергілікті бизнесмендермен және тәлімгерлермен кездеседі;

**4-кезең** – Финал. Жобаның ақырғы кезеңінде қатысушылар өз жобаларын инвесторлар алдында қорғайды.

Қызылорда облысында қорытынды кезеңге 17 жоба өтті. Финалда жүлделі орын алған 3 жоба 250 000, 200 000, 150 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық алды. Сонымен қатар, 9 жоба инвесторлардан, 2 жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Әр қатысушыға бизнес туралы қазақ тілінде кітаптар берілді. 5 жобаға 10 млн-нан астам инвестиция тартылды, 14 жас қатысушы өз ісін ашып, өз жұмысын бастады.

**Күтілетін нәтиже:**

- жастар кәсіпкерлігін дамыту;
- қосымша жұмыс орындарын құру;
- жастар жұмыссыздығы мәселелерін шешуге жәрдемдесу.

## «YOPROJECT» КОНКУРСЫ

Павлодар облысы  
Ақпарат және қоғамдық даму басқармасының  
«Жастар бастамаларын дамыту орталығы» КММ

**Мақсат:** жас кәсіпкерлердің әлеуметтік маңызды бизнес-бастамаларын қолдау, кәсіпкерлікті жастар ортасында тиімді өмірлік стратегия ретінде танымал ету.

**Міндет:**

- жастар арасында кәсіпкерлік қызметті насихаттау;
- қатысушылар мен бизнес-құрылымдар арасында тәжірибе алмасу үшін алаң құру;
- кәсіпкерлік қызметпен айналысатын белсенді және дарынды жастарды анықтау және көтермелеу;
- елдің экономикалық-әлеуметтік прогресінің маңызды факторы ретінде жастар кәсіпкерлігінің оң бейнесін қалыптастыру.

**Қатысушылар:** 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.



**Іске асыру механизмі:**

Іс-шараны ZOOM және Skype платформасы арқылы онлайн режимінде өткізуге болады. Қатысушыларды бағалауды қазылар алқасының құзыретті мүшелері жүргізеді.

Байқау төрт кезеңнен тұрады:

- 1-кезең** – қатысу үшін өтінімдерді жинау, конкурсанттардың тізімін қалыптастыру;
  - 2-кезең** – қатысушылар үшін тренинг өткізу және қорғауға дайындық;
  - 3-кезең** – қатысушылардың жобаларын қорғау (қатысушылар бизнес-идеяны ойлап табады, жоба тұжырымдамасын ашады, презентациялық роликтерді дайындайды);
  - 4-кезең** – қорытынды шығару, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар беру.
- Жүлделі орын алмаған қатысушылар қатысқаны үшін сертификат алады.



**Күтілетін нәтиже:**

Жастардың бизнес құрудағы дағдыларын арттыру, пікірлестер ортасын құру, мүдделі жастар арасында тәжірибе және ақпарат алмасу, соның нәтижесінде жастарды көбірек кәсіпкерлікпен қамту.

## «BASTAU TALKS» ҚОҒАМДЫҚ ЛЕКЦИЯСЫ

Ақмола облысы Ішкі саясат басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** жастарды елдегі бизнес пен кәсіпкерлікті жүргізу мүмкіндіктері туралы ынталандыру және ақпараттандыру.

**Міндет:**

- жастарды нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының негізгі идеясымен таныстыру;
- Қазақстан Республикасында жастар кәсіпкерлігін қолдаудың қазіргі механизмдерімен танысу арқылы жастарға ақпараттық қолдау көрсету;
- Ақмола облысынан нақты іспен айналысатын және өз бизнесін дамытатын, облыстық, мемлекеттік және халықаралық деңгейде белгілі бір табыстарға қол жеткізген спикер-бизнесмендер тарту арқылы ынталандыру;
- жастар арасында масылдық пен тұтынушылыққа төзімсіздікке тәрбиелеу.

**Қатысушылар:** ЖОО және колледж студенттері, сондай-ақ Ақмола облысының мүдделі жастары.





#### Іске асыру механизмі:

Жыл сайынғы «BASTAU Talks» қоғамдық дәріс жобасына облыс пен қаланың жас кәсіпкерлері, танымал бизнес-спикерлер, ЖОО мен колледж студенттері қатысады. Қоғамдық дәріс бейресми жағдайда өтеді.

Сөз сөйлеу тәртібі мен кезектілікті іс-шараны ұйымдастырушылар айқындайды. Әр сөзден кейін спикерге аудиторияның сұрақтарына 5 минут беріледі.

#### Күтілетін нәтиже:

Бұл жоба жастарды елдегі бизнес пен кәсіпкерлікті жүргізу мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

Оқыту қорытындысы бойынша «BASTAU Talks» қоғамдық дәрісіне қатысушыларға одан әрі стартап жобаларға қатысу үшін сертификаттар беріледі.

## «TURKISTAN STARTUP WEEKEND» ЖОБАСЫ

Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін үздік жобалар мен технологияларды анықтау, ғылыми-инновациялық қызметке тарту арқылы жастардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.

**Міндет:**

- отандық инновациялық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу, оларды коммерцияландыруға және Ұлттық кәсіпорындарда енгізуге жәрдемдесу;
- жаңа технологиялар саласындағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды анықтау, экономиканы дамытуға бағытталған ғылымды қажетсінетін, прогрессивтік және инновациялық жобаларды қолдау;
- әлеуетті инноваторлар мен өнертапқыштарды бизнес-жоспарлауға үйрету, жастардың инновациялық ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру.

**Қатысушылар:** 14 жастан 28 жасқа дейінгі жастар.







**Іске асыру механизмі:**

- 360 жас бизнес-тренердің қатысуымен оқыту сабақтарын өткізу және арнайы сертификаттарды тапсыру;
- 20 үздік инновациялық жобаны анықтау, жеңімпаздарды марапаттау: гран-при 1 000 000 теңге, I орын 700 000 теңге, II орын 500 000 теңге, III орын 300 000 теңге, 16 жоба 100 000 теңгеден қайтарымсыз қаражат табыс етілді.

**Күтілетін нәтиже:**

- жастардың өмірлік маңызы бар дағдыларын (командалық жұмыс, коммуникация және көшбасшылық) және әлеуметтік жобалау дағдыларын дамыту;
- жастардың осал санаттарын қызықты, оқыту және әлеуметтік іс-шаралар арқылы қоғамдық процестерге әлеуметтік интеграциялау.

## ЖАСТАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

### «ӨЗІҢДІ ЖЕҢ» ЖОБАСЫ

*Шымкент қаласы Ішкі саясат  
және жастар ісі басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ*

**Мақсат:** жастардың өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, жастар арасында оң ойлауды қалыптастыру.

**Міндет:**

- жастарды түрлі салада жұмыс істейтін табысты адамдардың өмір тарихымен таныстыру;
- қазіргі жастардың жетістікке деген ынтасын қалыптастыру;
- ертеңгі күнге деген сенімділікті арттыру.

**Қатысушылар:** жобаға белгілі бір салада жетістіктері бар, жұртшылық арасында танымал азаматтар қатысады.

**Іске асыру механизмі:**

Жоба аясында танымал спортшылар, мәдениет және өрт күзеті қызметкерлері, кәсіпкерлер, мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы мотивациялық бейнероликтер дайындалуда.

Бүгінгі таңда 8 бейнеролик дайындалды, батырлар арасында бокстан Қазақстан чемпионы Біржан Жақыпов, каратэден Азия чемпионы Қайырбек Ерасыл, Үздік өрт сөндіруші Азамат Молданов, арбамен билеуден әлем чемпионатының қола жүлдегері Ермек Қалымбетов, әскери ойындардың чемпионы Тұрар Тілегенов және т.б.





Жоба аясында спорт шеберлерімен және әртүрлі мамандық өкілдерімен кездесулер өткізіледі, онда шеберлік сыныптары көрсетіліп, кейіпкерлер өз тәжірибелерімен бөліседі. Дайындалған роликтер әлеуметтік желілерде таратылады.

**Күтілетін нәтиже:**

- жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру;
- масылдық көңіл-күйдің төмендеуі, табысқа деген уәждеме.

## «ЛА-155/6 ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕСІНІҢ ЖАСТАРЫНА АРНАЛҒАН ШАҒЫН ФУТБОЛ МЕН ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР» ЖОБАСЫ

Алматы қаласы «Жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қоры» КММ

**Мақсат:** заң бұзған жастармен жұмыс.

**Міндет:**

- маргиналды жастарды әлеуметтендіру;
- салауатты өмір салтын және спорттық демалысты насихаттау;
- қалалық мәдени-спорттық өмірге тарту.

**Қатысушылар:** ЛА-155/6 түзету мекемесінің жастары





#### **Іске асыру механизмі:**

Іс-шара ЛА-155/6 түзеу мекемесінің базасында өткізіледі. Мини-футбол мен волейболдан достық матчқа Алматы қаласының аула клубтарының спорт секцияларының командалары, ЖСДМҚ қызметкерлерінің командасы, сондай-ақ ЛА-155/6 түзеу мекемесінің тәрбиеленушілері қатысты.

Волейбол және мини-футбол жарыстарының қорытындысы бойынша түзету мекемесінің командасы екі жарыста да жеңімпаз атанды. Іс-шараны ұйымдастырушылар командаға қатысқаны үшін алғыс айтып, көрсеткен ойындары үшін медальдар мен грамоталарды табыс етті.

Сондай-ақ есепте тұрған жастармен психологтың топтық және жеке консультациясы тұрақты негізде жүргізіледі. Оларға жаңа өмірге бейімделуге көмек көрсетіледі, спорттық және басқа да іс-шаралар өткізіледі.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- түзеу мекемелеріндегі жастардың үлесін төмендету;
- есепте тұрған жастарды қоғамдық пайдалы қызметке тарту.

# ЖАСТАРҒА ӨТЕУСІЗ НЕГІЗДЕ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ

## «QARAPAYIM SUKHVAT» ЖОБАСЫ

*Атырау облысы Қызылқоға ауданы  
Ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ*

**Мақсат:** өңір жастарының табысты тәжірибесін насихаттау, өскелең ұрпақтың ынтасын арттыру.

**Міндет:**

- жетістікке жеткен аудан жастары туралы халықтың хабардарлығын арттыру;
- жастардың назарын өз қалауы мен мақсаттарына аудару.

**Қатысушылар:** студенттер, белсенді жастар.

**Іске асыру механизмі:**

Жобаға қатысушы жас жігіттер – сұхбатта өздерінің кәсіби мансабы, жетістіктері туралы әңгімелейді, сондай-ақ достық, махаббат, отбасы және т.б. тақырыптарды қозғайды.

**Күтілетін нәтиже:**

- жастармен тиімді коммуникация құралын құру;
- елдің қоғамдық-саяси дамуының өзекті тақырыптары туралы жастардың пікірін зерделеу;
- мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды ақпараттық сүйемелдеу мүмкіндіктерін кеңейту.



## «ӨМІР САБАҚТАРЫ» ЖОБАСЫ

*Ақтөбе облысының Ішкі саясат басқармасы ММ  
«Облыстық жастар ресурстық орталығы» КММ*

**Мақсат:** пробация есебінде тұрған жастармен, кәсіби медиаторлармен, ардагерлермен және жастардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған зиялы қауым өкілдерімен кездесу.

**Міндет:**

- есепте тұрған адамдардың мінез-құлқын бақылауды күшейту;
- әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша қосымша шаралар қабылдау;
- жастармен тренингтер және кездесулер арқылы рухани тәрбие арқылы мінез-құлықты түзету;
- пробация есебінде тұрған жастарды әлеуметтендіру.

**Қатысушылар:** 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.





### Іске асыру механизмі:

«КА 168/2» мекемесінің сотталғандарына арналған семинар-тренинг ұйымдастырылды. Кездесу барысында сотталғандармен «өмірге деген ынтаны арттыру», «психологиялық тұрақтылық» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ашық пікір алмасылды. Облыстық жастар ресурстық орталығы Ақтөбе қаласы Астана ауданы пробация қызметінің есебінде тұрған жастармен бірлесіп ұйымдастырған Қылмыстық-атқару жүйесі департаментімен бірлескен жоспар аясында ментор, жеке даму бойынша тренер Сағадатов Райбек «жастар үшін жұмысқа орналастырудың алғашқы шарттары және жастардың негізгі дағдыларын дамыту» атты тренинг өткізілді.

Тренинг барысында түйіндеме жазудың негізгі ережелері, дизайны мен құрылымы, сәтті түйіндеме жасау, түйіндемеде дағдылар мен білімдерді көрсету, әңгімелесуде жіберілген негізгі қателіктер тақырыптары қарастырылды.

Пробация есебінде тұрған жастармен кәсіби медиаторлар кездесулер өткізді. Кездесу барысында кәсіби медиаторлар Бердібекова Лаура және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау кеңесі» ҚБ төрағасы Манепов Муран жастардың сұрақтарына жауап берді.

Іс-шара барысында қатысушылар агрессия, оның салдары мен алдын-алу, эмоционалды интеллект туралы ақпарат алып, өз ойларымен бөлісті.

### Күтілетін нәтиже:

Өткізілген жұмыс барысында ағымдағы жылы девиянтты мінез-құлықты 100 жас адам үшін кездесулер мен тренингтер ұйымдастырылды, адамгершілік тәрбиелік мәні бар тақырыптар қозғалды, сондай-ақ жастарға кеңестер берілді.



# ЖАСТАР ОРТАСЫНДА ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУ

## «АСАР» ЖОБАСЫ

*Жамбыл облысы әкімдігі Жастар саясаты мәселелері  
басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ*

**Мақсат:** жастарды аз қамтылған, көп балалы отбасылардың тұрғын үй мәселелерін шешуге тарту.

**Міндет:**

- құрылыс жұмыстарына және тұрғын үйді жөндеу жұмыстарына волонтерлерді тарту, жастарды еңбекке тарту;
- жастарды мұқтаж жандарға көмектесуге бағыттау;
- қайырымдылықты дамыту.

**Қатысушылар:** 17-28 жас аралығындағы жастар.





**Іске асыру механизмі:**

2021 жылы «Асар» жобасы аясында 855 волонтер тартылды.

Олар облыстың 10 ауданындағы 62 объектіде аз қамтылған, көп балалы отбасылар үшін тұрғын үйге күрделі немесе ағымдағы жөндеу жүргізу бойынша әртүрлі жұмыстар жүргізеді. Сондай-ақ тұрғын үй сатып алуға жәрдемдеседі.

Қазіргі уақытта:

- 3 көп балалы отбасы үшін тұрғын үй сатып алынды;
- 2 отбасы үшін тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді;
- мешіт жанында 59 үй және 1 асхана құрылысы жүргізілуде;
- 24 отбасы үшін тұрғын үйге ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізілді.

**Күтілетін нәтиже:**

- тұрғын үй проблемалары бар отбасылар санының төмендеуі;
- волонтерлік және қайырымдылық қызметпен айналысатын жастарды қамтуды ұлғайту.

## «ЖАС САҚШЫ» ЖАСАҒЫ» ЖОБАСЫ

Ақтөбе облысының Ішкі саясат басқармасы ММ  
«Облыстық жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.

**Міндет:**

- жастарды қоғамдық пайдалы жұмысқа тарту;
- құқық қорғау және әскери-патриоттық бағыттағы жобаларды іске асыруға қатысу;
- жасөспірімдермен алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруда ішкі істер органдарына көмек көрсету.

**Қатысушылар:** 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.





**Іске асыру механизмі:**

2018 жылдан бастап әртүрлі бағыттар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды, мысалы, «Студент, қалай өмір сүріп жүрсің?», «Студент, қалай тамақтанасың?», «Никотинсіз өмір», «Түнгі Ақтөбе», «Тәртіпті қала», «Жақсылық күні», «Ыстық шай, жылы сәлем».

Пандемия кезінде қала тұрғындары мен қонақтарына қойылатын карантиндік талаптарды насихаттау мақсатында үнпарақтар мен маскалар тарату акциясы ұйымдастырылды.

2 жыл ішінде 1500 жасты тарта отырып, түрлі бағыттар бойынша 50-ге жуық іс-шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар, 10-ға жуық халықаралық, республикалық және өңірлік іс-шараларды өткізуге көмек көрсетілді.

Қазіргі уақытта топта 30 волонтер бар.

**Күтілетін нәтиже:**

Жастардың құқықтық ағарту деңгейін арттыру, соның салдарынан жастар арасындағы құқық бұзушылық деңгейін төмендету.

## «ECO SANA: БІЗ ТАЗА ҚАЛА ҮШІН» СЕНБІЛІК АКЦИЯСЫ



Шымкент қаласы Ішкі саясат және жастар ісі басқармасының  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** жастар арасында экологиялық мәдениетті арттыру.

**Міндет:**

- экологиялық проблемалар туралы хабардарлықты арттыру;
- өзендер, ормандар, саябақтар және басқа да аумақтарды тазалау;
- салауатты өмір салтын насихаттау.

**Қатысушылар:** волонтерлік ұйымдар, ЖОО және колледж студенттері, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері.

**Іске асыру механизмі:**

Акция келесі 5 кезеңнен тұрады:





**1-кезең** – қаланың 4 ауданында сенбіліктер өткізу;

**2-кезең** – акцияға қатысатын волонтерлерді оқытуды ұйымдастыру, экологиялық білім деңгейін арттыру;

**3-кезең** – экологиялық көрмелер мен зияткерлік, бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізу;

**4-кезең** – 4 шағын аудандарда ауқымды көгалдандыру және абаттандыру;

**5-кезең** – «Біз таза қаланы қолдаймыз» тақырыбында командалық бейне-конкурс пен фотобайқау ұйымдастыру.

Шымкент қаласында акция қатысушыларына жеңімпаз командалардың қатысушыларына алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етілді:

1-орын (ұйымның 10 қатысушысына) – велосипед;

2-орын (ұйымның 10 қатысушысына) – планшет;

3-орын (ұйымның 10 қатысушысы) - ақылды сағат.

Команданың барлық қатысушыларына сөмкелер мен шейкерлер берілді.

Акция нәтижелері бойынша:

1-орынды «Ізгілікте жарысайық» ҚҚҚ командасы иеленді – 4776,2 кг қоқыс;

2-орын - «ЖАСОТАН» - 3241 кг қоқыс;

3-орын - «Волонтерлер лигасы» клубы-2429,6 кг қоқыс.

Жалпы акция қорытындысы бойынша 27 мың килограмм қоқыс жиналды.

**Күтілетін нәтиже:**

- жастардың экологиялық сана деңгейін арттыру;

- экологиялық білімді арттыру, аумақты қоқыстан тазарту.

## «ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАҒАТЫ» ЖОБАСЫ

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің  
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар негізінде жастарды азаматтық-патриоттық және экологиялық тәрбиелеу.

**Міндет:**

- жастар арасында экологиялық мәдениетті дамыту;
- туған жерге деген патриоттық сезімді тәрбиелеу;
- жаһандық, өңірлік экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын зерттеудегі дербестік пен құзыреттілікті дамыту;
- жастар арасында ұлттық ойындарды насихаттау;
- аудан, ауыл жастарын ауылдық округтердің мұрағаттық материалдарымен таныстыру.

**Жобаға қатысушылар:** 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.

**Іске асыру механизмі:**

Жоба елдегі жаһандық экологиялық проблемаларды зерттеуге және талдауға, проблемаларды шешу жолдарын іздеуге және ғаламшардағы жаһандық экологиялық апаттың алдын алуға бағытталған. Сондай-ақ жастар өлкенің мұрағат материалдарымен танысып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Жобаны іске асыру барысында қатысушылар ұлттық ойындар ойнайды, сенбіліктер мен басқа да экологиялық іс-шаралар өткізеді.

**Күтілетін нәтиже:**

Жастардың аналитикалық және зерттеу жұмыстарының дағдыларын арттыру, жастардың әлеуметтік-белсенді қызметке тартылу деңгейін арттыру.



## «ВОЛОНТЕРЛЕР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана жастары»  
жастар ресурстық орталығы» КММ

**Мақсат:** Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырушылық, машықтық және қазіргі заманғы әлеуметтік ойлау қабілеті бар волонтерлердің бірыңғай командасын құру.

**Міндет:**

